

Бекітемін

«Nursultan 77» филиалының
менгерушісі М.Е. Табышева



ЕРТЕҢГІЛІК

«1-қыркүйек Білім күні»

Тәрбиеші: Ергалиева А.С.

2024-2025оқу жылы

«1- Қыркүйек Білім күні!»

Мақсаты:

Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Көрнекі-құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.

Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ-жауап.

Барысы: I. Кіріспе бөлім.

Естігенде көк аспанның астында,

Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.

Бар қазақтың үніндей шарықта,

Шарықташы, Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік гимн орындау.

Тәрбиеші: Шаттық шеңбері:

Жаңа қадам жасадым,

Қош болып тұр, бесігім.

Мен қуанып ашамын,

Балабақша есігін.

Тәрбиеші: Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).

Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер. Балалар, біз өткен оқу қызметімізде Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз.

(балалардың жауабын тыңдау)

Тәрбиеші: Дұрыс, Гимн, Елтаңба, Ту.

Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Тәрбиеші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?

Балалар: Қазақстан Республикасының елордасы Нұр-сұлтан қаласы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Айтыңдаршы, біз қай қалада туып, өмір сүріп жатырмыз?

Балалар: Біз Ақтөбе қаласында туып, өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Балалар, айтындаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?

Балалар: «Нұрсұлтан балабақшасы».

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Сендер өздеріңнің Республикаларың, рәміздер жайында, елорда жайында барлығын білесіңдер. Жарайсыңдар!

II. Негізгі бөлім.

Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпақтарымызбен оқу қызметімізді жалғастырайық.

Шаттық шеңбері:

Күндей болып күлеміз,

Гүлдей болып өсеміз.

Құстай болып ұшамыз,

Көбелектей қонамыз.

Тәрбиеші: Бүкіл елде басталып бүгін жыры,

Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.

Білім — ғылым бастауы, мерекелі

Құтты болсын бүгінгі Білім күні! (шапалақ).

Алима: Жымыңдап күз келді,

Күліңіз сіз де енді.

Бірінші қыркүйек

Қарсы алшы біздерді!

Асылым: Өсті міне бойымыз,

Өсті міне ойымыз.

Қуанышқа ортақпыз,

Құтты болсын мерекеміз.

Файз: Қиындықтан өтуге

Армандарға жетуге

Білім алам ерінбей

Еліме қызмет етуге!

Тәрбиеші: Қыркүйектің бірінде,

Кеудем толы дірілге,

Құлақ түйем елеңдеп,

«Бақша» деген бір үнге.

Тәрбиеші: Енді балалардың мақал-мәтелдерді жалғастырайық

Білекті бірді жығар,

Білімді мыңды жығар.

Кітап- білім бұлағы,

Білім – өмір шырағы.

Ақыл азбайды,

Білім тозбайды.

Оқы да біл,

Ойна да күл.

Тәрбиеші: Білім күні құтты болсын!

Ойын: Гажайып қоржын

Мақсаты: гажайып қоржынның ішінен бірнеше заттар ойыншықтар, оқу

құралдары бар.Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бір бөлек,ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.(балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып,бөлек жинайды)

III. Қорытынды бөлім.

Шырылдаған тыным алмай

Қоңыраудың үні қандай!

Мақсатына жете ме адам

Оқу оқып, білім алмай?!

Ғылымның көп тас қамалы

Ғалымдық та асқаралы

Бар білімнің нұр бастауы —

Балабақшадан басталады!

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу қызметіміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!

Бүгінгі 1-ші қыркүйек – білім күніне арналған оқу қызметіміз осымен аяқталды. Сау болыңыздар!!!



Бекітемін _____

«Nursultan» ЖОО-ның

менгерушісі _____



ЕРТЕҢГІЛІК

«Ана тілім -ардақтым»

Тәрбиеші: Ергалиева А.С.

2024-2025оқу жылы

Тақырыбы: «Ана тілім-ардақтым!»

Мақсаты: балалардың өз балабақшасы туралы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып тілін дамыту, әңгімелесу, тақпақтар айту арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Қолданылатын көрнекіліктер: суреттер, слайд, музыка

Әдістемелік әдістер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап

Тәрбиеші сөзі: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар және балалар! Біздің тобымыздың

«Ана тілім-ардақтым!» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Бүгін біз

Қазақстанымыздың

тіл мерекесін тойлағалы отырмыз. Бәрімізге мейрам құтты болсын! Ендеше бүгінгі мерекені бастаймыз!

Балалар, бүгін бізге көптеген қонақтар келіп отыр, олармен сәлемдесіп алайықшы.

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды күніміз,

Жарқырайды бақшамыз.

Қайырлы таң, қонақтар,

Қайырлы таң, достарым!

Балалар, сендер білесіңдер ме біз қандай мемлекетте тұрамыз?

Біз қандай ұлтқа жатамыз?

Біздің елбасымыз кім екен кім айтат білесіңдер ме?

Біз қай тілде сөйлейміз?

Біздің Қазақстанда тұратын қандай ұлттарды білеміз?

Балалар, бүгін біз тіл мерекесін тойлағалы жатырмыз солай ма, ендеше тіл бізге не үшін керек?

Сөйлеу үшін, қарым-қатынас жасау үшін, бір-бірімізбен сөйлесу үшін керек екен. Бүгінгі мерекеге басқада ұлт өкілдері келу керек еді олар неге кешігіп жатыр екен?

Кенет ұшақтың дыбысы естіледі.

Музыка әуенімен өзге ұлт өкілдері кіреді.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Сіздер неге кешігіп келе жатырсыздар?

Қонақтар: Сәлеметсіздер ме, ренжімеңіздер біз Қазақстанның әсем қалаларын аралап келе жатырмыз.

Тәрбиеші: Қанеки келеген қонақтардан қай ұлттың өкілдері екен өздеріннен сұрап көрейікші.

Орыс ұлт өкілі: біз орыс еліннен келдік.

Грузин: ал біз грузинбіз.

Қазақ: ал біз қазақ қыздарымыз, сендердің бауырларыңыз.

Тәрбиеші: Қане ендеше келген қонақтарды да бүгінгі мерекені бізбен бірге тойлау үшін ортамызға отырғызайық.

Тәрбиеші: балалар,мына суретке назар аударайықшы.

Суретпен жұмыс.

Билингвалды компонент: Елтаңба-Герб, Отан-Родина, тіл-язык,

Тәрбиеші: Бізге келген қонақтар біздің елдің рәміздерімен, қалаларымен танысты енді олармен

бірге Әнұранымызды орындайық!

«Әнұран» орындалады.

Би: «грузин биі», «орыс биі»

Тәрбиеші: Міне керемет, ендеше бізде қалыспай өзіміздің құттық ойынымыз

«Қыз қуу» ойынын

ойнайық.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, сендерге ойын ұнады ма?

Құрметті қонақтар,сіздерді тағыда тіл мерекесімен құттықтай отырып ертеңгілігімізді

«Дос болайық бәріміз» әнімен қорытындылаймыз!

Сау саламатта болыңыздар!



Бекітемін _____

«Nursultan» ЖАҚ-ының

менгерушісі _____



ЕРТЕҢГІЛІК

«Қарттарым аман- сау жүрсін! »

Тәрбиеші: Ергалиева А.С.

2025-2026оқу жылы

Тақырыбы: «Қарттарым аман – сау жүрсін»

Мақсаты: оқушыларға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету керектігін түсіндіру. Оқушыларға еңбекті сүйеге, Отанымыздың білікті де білімді адал азаматы болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: тақырып жазылған плакат, нақыл сөздер.

Барысы:

I. Кіріспе сөз:

А) Келген қонақтарды қарсы алу.

II. Негізгі бөлім:

Ә) Қарттарымыз қазына екендігін түсіндіру;

Б) Қарттар күніне арналған ақын жазушылардың өлең шумақтары;

В) Аталарымыздың оқушыларға берер ақыл кеңестері, оқушылардың сұрақтары;

С) Концерттік бағдарлама.

III. Қорытынды.

I- жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар, ақ жаулықты аналар мен асқар таудай әкелер!

«Қарттарым – асыл қазынам» атты бүгінгі мерекемізді ашуға рұқсат етіңіздер.

Қарттарым жүректерің неткен дархан,

Көтерген тұрмыс жүгін сенің арқаң.

Жолыңды жүріп өткен қарасам мен

Оқитын келешекте бір-бір дастан.

Таң атып күн де шыққан өздеріңмен,

Жалындап жұлдыз жанған көздеріңнен.

Тербедің көктем бағын самал болып

Өсиет жастарға айтқан сөздеріңмен,- деп асыл қазына, арқа сүйер тірегіміз болып аман-есен жүре беріңіздер.

2- жүргізуші: 1- қазан қарттар күні мерекесі. Неткен шіркін уақыт десеңші, осылайша ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға-аналарымыздың төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.

I- жүргізуші: Халқымыздың тәлім – тәрбиесі ананың ақ сүтімен, әже өнегесімен, аталар ақылымен берісіп, өзіндік қасиетімізді қалыптастыру көзделген. Ендеше тақпақтар бөліміне құлақ түрелік.

I-оқушы. Көп жасаған қария-

Ақылы теңіз дария.

Көп өнеге сөзі бар,
Сөзі – сокпак, сөзі – нәр.
Ата салты ардақты,
Әрбір сөзі салмақты.

Сол сөздерді ұқпасан,
Тістерсің бір күн бармақты.

2-оқушы. Кім де кімнің үйінде қартайып отырған әке-шешесі немесе атасы мен әжесі секілді қымбатты «қонағы» болса, егер үйдің иесі оларға дұрыс қарап, қамқорлық жасаса, қартайған ата-анасы оның отбасының құты болып табылады.

Қарт кісіні құт-береке деп танысақ-ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты.

Би:

1- Жүгізуші: Әкелер!
Мәңгі өшпейтін атақ-даңқың,
Жүрегімнің лаулатып отын жақты.
Ерлігіңді жалғастырам, бақыттымын,
Сендер ғой маған берген осы бақты.

2-Жүгізуші: Аналар!
Қарыздармын өзіңе мен,
Қайыспай қиындыққа төзе білген.
Жүздеріңді әжімдер басқанымен
Баяғы бәз жүзіндерің өзгермеген.

1-Жүгізуші: Үлкендіктен ешкім құтыла алмаған. Бірақ кәріліктің өзінің сәні – мәні бар.

Ұлықпан Хакім мың жасаған дейді, ешкім мың жасамайды, тек өсіп-өнген,

тәрбиелі ұрпағымен мың жасайды. Ия, ұрпағының өсіп, жетіліп, айналасына

үйіріп отырған көреген қарияда не арман бар?

2-Жүгізуші: Қазақтың басқа халықтардан айырмашылығы –

“Ұрпағым” деп шыр-пыр

болатыны. Ол үшін көзсіз көбелектей отқа түсетіні. Бұл- біздің ең ұлы ұлттық қасиеттеріміздің бірі.

Сұрақ-жауап.

1. Қариялар – ақылды дариялар. Біз оларды құрметтеуіміз керек. Қазір таңдағы жастар өз дәрежесінде құрметтеп жүр ме?

2. Осы заманда көп адамдар өздерінің туып, өсірген қарт аталары мен әжелерін қарттар үйіне апарып тастайды. Осы дұрыс па? Қарттар үйіне ол кісілердің баруына кімдер кедергі деп ойлайсыз?

3. Қазақстанның болашағы – жастардың қолында дейді, сондықтан біз сияқты жастарға берер ақыл кеңестеріңіз?

4. Сіздердің жастық уақыттарыңыз бен қазіргі таңдағы жастардың қандай айырмашылығы бар деп ойлайсыздар?

5. Алдағы уақытта Қазақстанның болашағы қандай деп айтар едіңіз?

Жүргізуші:

Қымбатты да, қадірлі қариялар!

Ақылы асқан дариялар! Қазіргі уақытта немере мен шөберенің қызығын қызықтап отырған асыл жандар. Алдағы өмірлеріңізге мықты денсаулық, әжелік, аталық асыл бақыт тілейміз. Немерелеріңіздің қызығын қызықтап осындай сұлу калыптарыңыздан танбаңыздар дегіміз келеді.

Абырой амандығың арта берсін

Бақ дәулет қызығымен қатар берсін.

Ұрпағың жақсы көрген жиі келіп,

Таусылмас дәм-тұзыңды тата берсін.

Тыныштық елімізге бере берсін.

Молшылық жерімізге ене берсін.

Соғыстан ел жұртымыз аман болып

Қызығын бейбіт өмір көре берсін

Қарттарым сіздерге Алла саулық берсін

Денсаулық ауыз-бірлік бола берсін

Тап-таза абыройлы болғаныңды

Қазіргі ел билеген жастар көрсін,- деп тілек тілеп бүгінгі мерекелік шараны аяқтай отыра «Батамен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» демекші ата-әжелер бата, ізгі ниет-тілектеріңіз болса,сөз кезегін өздеріңізге береміз.

Жүргізуші:

Смайликтер арқылы алған әсерлеріңізді, көңіл – күйлеріңізді көрсетсеңіздер.

Жүргізуші:

Сіздерге арналған сыйлықтарымыз бар. Қабыл алыңыздар! Уақыт бөліп келгендеріңіз үшін үлкен алғысымызды білдіреміз!!!

Бекітемін

«Nursultan Nazarbayev» атындағы Ақпараттық агенттігінің

менгерушісі Н.Т. Табылсұва



ЕРТЕҢГІЛІК

«25- қазан Республика күні»

Тәрбиеші: Ергалиева А.С.

2024-2025оқу жылы

Ашық сабақ мақсаты:

1. Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту.
2. Балаларды Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін аттыру.
3. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу.

Ашық сабақ әдісі: сұрақ- жауап, әңгімелеу.

Ашық сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлеметсіздерме балалар!

Күз: сәлеметсіздерме балалар!

Бүгін сіздерде ашық тәрбие сағаты болып жатыр екен. Дендерің сау, дастархандарың мол болсын !

Мен өзім ғана келген жоқпын, өзіммен бірге айларымды ерте келдім.

Тәрбиеші: Бізге қонаққа күздің қыркүйек, қазан, қараша айлары келіпті. Осы айлар ішінен қазан айына сөз берсек.

Менің атым- қазан. Күзгі жыны-терінің соңғы айымын, еңбеккер елді той- думанға кенелтемін.

Балалар қазан айында қандай мереке күндер барын білесіңдер?

Балалар:- Ұстаздар күні,

-Қарттар күні,

– Республика күні.

Тәрбиеші: Олай болса балалар! **25-қазан Республика күніне арналған** «Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем» атты ашық тәрбие сағатымызды бастаймыз.

Хор:Әнұран.

Тәрбиеші: Балалар арайлаған таңды сүйетін кім?

-Мен

Алтын сәулені сүйетін кім?

-Мен

Жарың даланы сүйетін кім?

-Мен

Ата-ананы сүйетін кім?

-Мен

Досын сүйетін кім?

-Мен

Болашағы елімнің кім?

-Мен

Кәне балалар Отан деген не?

Адамның туып өскен жері, туған-туысқандары, біз тұратын атамекен.

Балалар біздің отанымыз қалай аталады?

-Біздің отанымыз Қазақстан.

Еліміздің бас қаласы қалай аталады?

-Біздің бас қаламыз Астана

Біздің Президентіміз кім?

Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?

Ту, Әнұран, Елтаңба.

Балалар біздің елімізде көп ұлт өкілдері тұрады,кәне соларды атап айтайықшы: орыстар, өзбектер, қырғыздар, татарлар, немістер.

Иә балалар дұрыс айтасыңдар әр түрлі көп ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тұрады екенбіз.

Балалар кәнекей әр ұлт өкілдері бір шаңырақ астында қалай тұратынын киіз үй құрып көрсетейік.

Кәне, кәне тұрайық, Сол қолымды көтердім,

Киіз үй біз құрайық. Уықты мен көтердім.

Оң қолымды көтердім, Киіз үйді тұрғыздық.

Уықты мен көтердім Жұмысты біз тындырдық..

Балалар Қазақстан туралы өлеңдер оқып, жақсы мақал-мәтелдер айту,елімізді, жерімізді мадақтау бүгін біздің еншімізде. Ендеше өнерімізді ортаға салайық.

Хор: Менің Отаным

Хор: Қазақстан жалауы.

Ұлыстан: Қазақпын, мен қазақтың бөлшегімін,

Қажетіне өзгенің өлшемінің.

Айбарлы елдің ұлымын, айтаңбалы.

Кейіпкері емеспін ертегінің.

Ән: Ана-тілім. Ерқанат.

Дәурен: Өзге елде сұлтан болғанша,

Өз елінде ұлтан бол.

Сұлтанбек: Туған жердей жер болмас

Туған елдей ел болмас.

Тәрбиеші: Қазақ халқының мұраларының бірі – халық ауыз әдебиеті .

Ал халық ауыз әдебиетіндегі жол- ол даналар мәйегі. Олай болса балалар қазақтың қандай билерін білесіңдер?

«Сөз бастаған шешендер» атты көрне тамашалайық..

Төле би: Бір бала әкесінен өтіп туады,

Бір бала әкесіне жетіп туады,

Бір бала кері кетіп туады.

Қазбек би: Біз мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз.

Әйтеке би: Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін,

Батыр болсаң,жауыңа найзаң тисін.

Тәрбиеші: Даналық сөздеріңізге рахмет.

Би: Қазақ биі

Хор: Елтаңбасы елімнің.

Балалар енді «Ғажайып қоржын» ойынын ойнайық.

Қоржын ішіне жасырылған сұрақтарға жауап беру.

Балаларды мадақтау.

-Балалар! Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы екен. Отансыз адам болмайды. Отанымыз көркейіп, гүлдену үшін біз көп еңбектенуіміз керек. Еңбектену дегеніміз білімді,тәртіпті болуымыз.

Енді балалар тәрбиеленіп жатқан бала бақшамыз туралы
Тақпақ айтып жіберейік.
Бала бақша есігін,
Үшке тола ашқанбыз.
Балапандай өсіріп
Мәпелейді бақшамыз.
Балалар бүгінгі ашық тәрбие сағаты ұнады ма?
Қорытынды: Байтақ дала жерім менің
Арта берсін даңқың сенің
Көк байрағың желбіресін
Егеменді елім менің – дей отырып,
Құрметті қонақтар, балалар осымен Республика күніне арналған
«Қазақстан-туған елім, ұлы өлкем» атты ашық тәрбие сағатымыз аяқталды.



Бекітемін _____
«Nursultan Nursultanov» сының
менгерушісі Л.Т. Табылдза



ЕРТЕҢГІЛІК

«Күз ханшайымы мен ханзадасы»

Тәрбиеші: Ергалиева А.С

2024-2025 оқу жылы

«Күз ханшайымы мен күз ханзадасы»

Би «Домбыра»

Жүргізуші:

Терістіктен желдетіп,
Жаңбырлатып, селдетіп,
Шаттандырып біздерді,
Шат шадыман күз келді.
Шатыр тікті сары алтын,

Шартараптың бәрі алтын.
Алып келді мереке,
Астық, жеміс береке.
Батырлыққа жараса,
Көбейді той тамаша
Ән салды өзен, тал - құрақ,
Шашу болды жапырақ.

Қайырлы күн! Армысыздар құрметті ата - аналар мен балалар. Ел байлығын арттырған берекелі күз айы да келді. Күзді құрметтеп қуанышпен қарсы алайық. Көңілді күйді көтеріп, әсем әнмен бастайық.

Сөз кезегін Б/б меңгерушісі: Табышова Л.Т беріледі.

Алма ағашы: Амансындар ма, балалар! Бүгінгі желдің лебі мені достарыммен бірге сендердің орталарыңа алып келді. Мінекей күзде келді, жапырақтар сарғайып жерге түсіп, күн суыта бастады. Бүгін міне сіздерде Алтын күз мерекесі болғалы жатыр екен. Осы мерекеден күз ханшайымы мен күз ханзадасын тағайындауымыз қажет.

Алма ағашы: Менің сіздерге қояр шарттарым бар, осы шарттарды бұлжытпай орындаған баланы ханшайым мен ханзада етіп тағайындаймыз.

Біздерде ойын - сауық басталады

Тамаша би билейді ән салады.

Қошеметтеп, қол соғып отыралық

Ұмытарсыз күні бойғы шаршағанды - дей отырып,

«Күз ханшайымы, күз ханзадасы» атты сайысымызды бастаймыз.

Қатысушы сайыскерлерімізді ортаға шақырайық.

Ортаға шақырып сайыскерлермен таныстырамыз

Жүрг: Мен сіздерге байқаудың шарттарымен таныстырып өтейін.

1. Өзін - өзі таныстыру.
2. Өз өнерін көрсету
3. Қол өнер – үй тапсырмасы (табиғи материалдардан)
4. Өз фантазиясы бойынша еркін тақырыпта сән үлгісін дайындау (сән үлгісінің жолдарымен таныстыру.)
5. Осы шарттар бойынша папка дайындау.

Жүрг: Әділ қазы береді

Өздеріңе сыйлықты

бізге айтып береді

Кім өнерлі, кім мықты?

Әділ қазылар алқасымен таныстырып өтейін.

1.Медбике: Сагон Меруерт Асылбекқызы

2. Ата- аналар

Өнер қуып әрбірі өтер дейміз.

Бір басына өнері жетер дейміз.

Сайысқа келген сайыскерлер кезектесіп

Өздерін таныстырып өтер дейміз.

Сайысымыздың бірінші шарты бойынша сайысқа қатысушылар өздерін таныстырып өтеді.

Сайыскерлерімізді ортаға шақырамыз.

Балалар аман болсын әр үйдегі

Таусылмасын ананың әлдилері

«Қамажай» биін билейді томпаң қағып

«Балапан» тобының сәбилері

«қамажай» биін қарсы алайық.

Өзімнің досым сәбізді ортаға шақырайық күз туралы тақпағын айтып берсін.

Өнер жаста жаныңдар

Шақырған сайыстарға бірі - бірін

Өнерпаздар дарындылар

Көрейік, ән, би, күйді көрермендер

Көрсетсін сайыскерлер өнерлерін - деп сайысымыздың II шарты бойынша сайыскерлерімізді өз өнерлерін көрсетуге шақырамыз.

Өзімнің досым Алма мен Жүзімді ортаға шақырайық тақпағын айтып берсін.
Сайысымыздың III шарты бойынша сайыскерлерімізді қол өнер (үй
тапсырмасы) ортаға шақырамыз.

Гүлзинадай аруымыз сызылтып ән салады
Ән айтып биде билеп жан салады.
Бұл ұлы мерекеде ән салғанда
Барлық достар шапалақтап қарсы алады.
Ән «Ойыншықтар» қабыл алыңыздар.

Өзімнің досым Ернарды ортаға шақырайық күз тақпақтарын айтып берсін.

Бүгінгі кеш өтіп жатыр өз мәнімен
Әр сұлу әсем болар өз сәнімен
Күз сәні өнерімен ортаға шығып
Сән көрсетер сайыскерлер сәнімен – деп сайысымыздың 4 шарты бойынша
сайыскерлерімізді өз фантазиясы бойынша сән үлгісімен ортаға шақырамыз.

Күніндегі гүл көктемнің нұрын шашып,
Жасқанбай әр қадамын нық нық басып
Биімен көрерменді тәнті ететін
Бишілер келді мені толқып, тасып
Құлыншақ тобының бүлдіршіндерін «Шляпа» биімен қарсы алайық.
Сөз кезегін әділ қазылар алқасына береміз..
Марапаттаулар
Құрметті қонақтар осымен «Күз ханшайымы, күз ханзадасы» атты
сайысымыз аяқталды. Көңіл қойып тамашалағандарыңызға көп - көп рахмет.
Сау саламатта болыңыздар!



«Nursultan 77»-радабақшасының
менгерушісі Д.Т.Табышева



«Тәуелсіздік-тұғырым!»

2024-2025оқу жылы

Үйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы: «Тәуелсіздік тұғырым»

Үйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:

1. 1. Балаларға тәуелсіздік туралы ұғындыру, туган жер, елін құрметтеуге тәрбиелеу.
2. 2. Патриоттық сезімдерін ояту.

Үйымдастырылған оқу қызметінің көрнекілігі: плакаттар, шарлар, көркем сөздер.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, үйрету, сұрақ-жауап.

Шаттық шеңбері: Шуақ шашты күн бізге.

Шуақ шашты күн бізге.

Терезеден күлімдеп

Қуанады балақан.

Шапалақтап алақан!

Үоқ барысы

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
 - Қыс мезгілі
 - Қыс мезгілінде неше ай бар?
 - үш ай бар. Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан
 - Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер болады?
 - Қар жауады, қун аяз болады, балалар қалын киінеді, аққала жасайды.
- Қыс мезгілінің алғашқы айында бізде мерекелер көп, Президент күні сондай-ақ
- 16 –желтоқсан тәуелсіздік алған мерекеміз. Міне бүгін тәуелсіздік мерекесін тойлағалы жатырмыз
- Балалар, сендер қандай елде тұрасындар, қандай мемлекетте тұрасыздар?
 - Тәуелсіз қазақ елінде, Қазақстан Республикасында тұрамыз
 - Біздің мемлекетімізде қандай қалаларды білесіндер?
 - Астана, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Ақтау т.б өте көп қалалар орналасқан.
 - Біздің мемлекеттік тіліміз қандай тіл?
 - Қазақ тілі
 - Қазақстан Республикасының рәміздерің қандай?

-Біздің рәміздер Ту, Елтаңба ,Әнұран.

-Елбасыларыңның есімі кім?

- Оның есімі Қасымжомарт Тоқаев Кемелұлы. Елбасымыз Астана қаласында тұрады.

Міне балалар өз басымыз бір ел болып, мемлекет болғанымызға бүгін міне 28 жыл болып отыр. Аспанымыз ашық, бейбіт күн кешудеміз.

Олай болса еліміздің патриоты ретінде ,мемлекеттік әнұранымызды орындайық.

«Әнұран»

Тәрбиеші:Тәуелсіздік текке бізге келмеген

Талай бабам қанын төгіп терлеген

Сонда дағы қасиетті қазағым

Төл байрағын дұшпанына бермеген

Бабалардың ғасыр бойы арманы.

Өткенімен келешегін жалғады.

Желбіреп тұр көк байрағы қазақтың

Егеменді-тәуелсіздік алғалы.

Тәрбиеші:

Әр қазақтың есінде сақталады

Желтоқсандық өлендер ақталады

Ел намысын қорғаған сарбаздарым

Ерліктері мәңгілік сақталады.

Ойын: «Көлеңкесін тап»

Шарты: Ортаға бір баланы шығарып, берілген тақырып бойынша қандай суреттер келеді, соларды липучкамен жапсыру. Жеңілген бала туған жер туралы мақал айтуы тиіс.

Сергіту сәті:Алақанға салып ап

Бір ашып,бір жұмып

Көрсетейік бір қызық

Міне менің қолымда

Асық жатыр бүгіліп

Ойын: Бөлшегін тап.


Шарты: Балалар ортаға шығып, үстел үстіндегі сурет қиындыларын құрастыру.

Тәрбиеші: Балаларды мадақтап, үстел үстіндегі бәйтеректің суретін боятады.

Қортынды: Балалар бүгінгі оқу қызметінің сіздерге қай тұсы ұнады.Тәуелсіздік алғанымызға неше жыл болды.Бүгінгі оқу қызметімізде өз

мемлекетіміз туралы айттық .Қандай қалалар орналасқан.Шығармашылық алаңында ненің бейнесін жасадық.Бәйтерек қай қалада орналасқан?Жарайсыздар еліміздің патросты болып,тәуелсіз елімізде мәңгі өмір сүрейік.





Бекітемін

«Nursultan» нормативтік актісінің

менгерушісі **Д.Т. Табылсеева**



ЕРТЕҢГІЛІК

«Қош келдің Жаңа жыл!»

Тәрбиеші: Ергалиева А.С

2024-2025оқу жылы

Тақырыбы: Қош келдің Жаңа жыл!

Мақсаты: Балаларға Жаңа жыл мерекесі туралы мағлұматты жетілдіру. Жаңа жыл мерекесінің қызықтарын, әдемі көріністерін тамашалау арқылы қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру. Балаларды бір - біріне деген достық сезімге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: Жаңа жылдық көрініс, ертегі кейіпкерлері, ойын құралдары

Әдіс – тәсілдері: Ән айту, би билеу, көркем сөздер оқу, ертегі көріністерін сахналау. Зал Жаңа жыл мерекесіне сай безендірілген.

Жүргізуші: Құрметті біздің бөбектеріміз, қонақтар, ұстаздар! Барлығыңызда бүгінгі Жаңа жылдық шырша тойына қош келдіңіздер!

(Мерекелік әуен ойналып балалар кіреді)

Жүргізуші: «Қош келдің, Жаңа жыл» атты мерекемізді бастауға рұқсат етіңіздер! Балалар, мереке қонақтары қош келіңіздер! Барлығыңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! Әрбір адам Жаңа жылдан жаналық күтіп, үмітпен қарайды. Осы мерекеге жиналған әрбіріңіздің үміттеріңіз ақталып, әрбір отбасында арман - тілектеріңіз орындалсын!

Қош келдіңіз бүгінгі кешімізге,

Жаңа табыс тілейік ісімізге.

Келе жатқан жаңа жыл күт әкелсін,

Мына отырған барша жан бәрімізге.

Жүргізуші: Бүгінгі шырша тойымызда да көптеген қызықты әндер де, билер де, күтпеген таңғажайып оқиғалар болуы мүмкін. Құрметті жамағат жүрекке жылылық ұялатар алғашқы жаңа жылдық құттықтау сөзді ақыл ойы жетілген, саналы ұрпақты сезімі сергек, арманышыл дана ұрпақты тәрбиелеп жатқан «Ерасыл» бөбекжай бақшамыздың басшысы: Охашева Қарлығаш Мәделіқызына сөз береміз.

Жүргізуші: Міне, керемет, қол ұстасып әнімізді шырқайық.

«Хор» Жаңа-жыл, Жаңа-жыл әнің қабыл алыңыздар...

Жүргізуші:

Мен білемін бір ойын:

Үйретейін сендерге Мен бастаймын, ал, сендер аяқтаңдар ойынды. Хормен жауап айтыңдар!

Қарға мүлгіп дала тұр, Келе жатыр....

Балалар: Жаңа жыл! Қызыл мұрын, ақ мұртты Білсең атын тез ата, Келеді бізге.... Балалар: Аязата! Шырша бүгін кәделі! Сендер әрі..... Балалар: Әдемі! Көңілсіз бір бала жоқ, Ойын - күлкі таралсын Құтты болсын.....

Балалар: Жаңа жыл! (3 рет)

Көп рахмет, балалар біздің Аяз атамыз бен Ақшақарымыз кешігіп жатыр. Ертегілер еліне саяхат жасау арқылы қайда жүргенін біліп бермейсіз бе?

Сахна ашылып, (көрініс) қасқыр ешкінің үйін торуылдап жүреді.

Ешкі себетін арқалап орманға кетіп бара жатады. Аяз ата орман ішін аралап келе жатып көріп қалады.

АЯЗ АТА:- Ей қасқыр, әлі торуылдап жүрсең бе? Жаңа жылда барлық әлемде жақсылық, достық орнауы тиіс.

Сондықтан, сен бұл қылығыңды қой. Жүр менімен, балалар күтіп отыр, мерекеге барайық.

Қасқыр: - Жарайды, Аяз ата сіздің айтқаныңызды тыңдайын. Жолда келе жатып, ағаштың түбінде тығылып отырған түлкіні көріп қалады.

АЯЗ АТА: - Ей, қу түлкі енді кімді алдасам деп отырсың ба? - Жүр бізбенен шырша тойына барайық, балалармен көңіл көтерейік.

Түлкі: - Айтқаныңыз болсын. Музыка ойналып Аяз ата ертегі кейіпкерлерімен шырша жанына келеді.

АЯЗ АТА:

Құтты болсын, балалар Келген Жаңа жылдарың Алаңдамай өсіңдер Еркелеп қыз, ұлдарым өткен жылы келіп ем Бәріңді де көріп ем Жыл өткізіп келем деп Уәдемі беріп ем Ойларың мен бойларың да Бірдей өсіп қалдыңдар ма? Ал, мен кіммін айтыңдаршы Мені тани алдыңдар ма? Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Ата! Балалар сізді асыға күтіп отыр.

АЯЗ АТА: - Балалар! Мен орман ішінде келе жатқанда, Ақшақар қызымнан адасып қалдым. Сіздер көрген жоқсыздар ма? - Қәне бәріміз қарша қызды дауыстап шақырайық.

(Балалар дауыстайды Ақ-ша- қар3)

Әсем әуен ойналып Ақшақар кіреді.

АҚШАҚАР: - Сәлеметсіздер ме балалар, қонақтар! Сіздерге келе жатқанда орман ішін қызықтаймын деп, Аяз атамнан адасып қалдым.

Рахмет балалар! Сендердің дауыстарыңды естіп келдім.

Жүргізуші – Ақшақар, балалар сізді асыға күткен еді. АТА, сіз шаршаған боларсыз, дем алыңыз. (Аяз ата тағына отырады).

АҚШАҚАР: - Мен секілді қарша қыздар бар екен ғой, менің билегім келіп тұр.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыз біздің қыздар сіздерге арнап би дайындап қойды

Қыздардың орындауында «АҚШАҚАРЛАР» биін қарсы алыңыздар!

Би соңында Ақшақар қар жауғызады.

Жүргізуші:

Қошметпен, құрметпен қарсы алайық.

Бишілерімізді ыргалтып би билетіп,

Қол соғып биік шыңға самғатайық»- дей келе,

Ұлдарының орындауында «Санта клаустар» биі қарсы алыңыздар...

АЯЗАТА: - Ой, мына балалардың барлығы өнерлі екен! Менің де билегім келіп кетті ғой.

Жүргізуші: Аяз ата, Ақшақар, балалармен ойын ойнаңызшы! (Аяз ата балалармен жаңа жылдық ойындар ойнап, сыйлықтарын үлестіреді).

Ойын: Жаңа жылдық тілектер сайысы .Ойын шарты: 5 баланы ортаға шақырамыз. Олардың әрбіреуі кезекпен бір жаңажылдық тілек айтуы тиіс. Үлкен сыйлыққа кенеледі.

Жүргізуші:- балалар, жаңа жыл болса кеп қалды, біздің қоштасатын жыл сиыр жылы. Балалар, сиыр қалай дыбыстайды? Дауысы естілмейді ме? «Жаңа жыл жарылқасын, ескі жыл есіркесін» деп ескі жылымыз қош сау бол деп айтайық.

Бәрі. Қош, қош, Ескі жыл!

Шыныменен, балалар, біз бір жасқа үлкейдік. Ескі жыл Жаңа жылға орнын сыйлағысы келіп тұр, олай болса, сау болыңыз, біз сізге ризамыз!

(Жолбарысты сипаттайды) Балалар құлақ түріп тыңдандаршы, бір дүрсіл естілетін сияқты! Барыс:Ырр.. Мен барыспын, барыспын, Бәріне мен таныспын, таныспын. Айналама сыйлымын, сыйлымын, Сезімсізбен алыстым, алыстым. Күшіме мен сенемін, сенемін,

Бәрін де де женемін, женемін. Жыл басы болуга, шіреніп мен келемін.

Жүргізуші:Сәлеметсің бе ,барысжан ,қош келдің !Жаңа жыл құтты болсын!Біздің балаларымыздың өзіне дайындаған өнерлерін көріп тамашалап қайт.

АҚШАҚАР: Қош келдің Жаңа жыл!

АЯЗАТА: Ал айналайын, Жаңа жыл, келген қадамыңа нұр бітсін! Мынау менің ұлдарыммен қыздарым, мынау халқым саған аманат! Он екі ай бойы бағып қағу сенің мойыңда. Жақсы жыл бол, Жаңа жыл!

АЯЗ АТА: Ой, бәрекелді, балаларым! Әсем ән шырқап, би билеп аталарыңды бір қуанып тастадыңдар. Көп - көп рахмет! Өркендерің өссін! Енді Ақшақар екеуміз аттанайық! Баршаңызбен қоштасамыз, сау болыңыздар!

Жүргізуші: Аяз ата Ақшақар сіздер біздердің балаларымыздың сыйлықтарын қашан бересіздер? Аяз ата: Ой - буй, ұмытшақ басым ай, әрине қазір, қазір.... (барлығыңа сыйлық үлестіріледі)

АҚШАҚАР: Сау болыңыздар балалар, келесі жаңа жылда кездескенше!

Барлығы: Сау болыңыз Аяз ата! Сау болыңыз Ақшақар! (Әсем әуенмен, Аяз ата мен Ақшақар қоштасып, шығып кетеді)

Күтпеген сәт...

Аю: Балалар қыста жейтін азығым таусылып қалды. Сендер бауырсақты көрген жоқсыңдар ма? Сендер неге әдемі болып киініп алғансыңдар? Жүргізуші: Ооооооой аю, қараңызшы біздің балалар әп - әдемі киініп алған, себебі олар Жаңа жыл мерекесін тойлап жатыр. Келіңіз, төрлетіңіз. Балалардың әдемі биімен көңіліңізді көтеріңіз.

Аю:Жо-жооқ менің ұйым келіп тұр,кетім мен.

Жүргізуші: Міне, жаңа 2022-да келді. Ал 2022 жылы елімізге тыныштық болып, ырыс - құтымыз арылмасын!Жаңа жыл - әрбіріңіздің отбасыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін! Жаңа жыл баршамыз үшін берекелі, мерекелі жыл болсын! Келесі жаңа жылда кездескенше



Бекітемін _____
«Nursulana» заңнамалық актісінің
менгерушісі Н.Т. Табылбева



ЕРТЕҢГІЛІК

«Алғыс айтуды ұмытпа!»

Тәрбиеші: Ергалиева А.С

2025-2026оқу жылы

Тәрбие сағатының тақырыбы:

«Алғыс айтуды ұмытна!»

Мақсаты:

Балаларға «алғыс» сөзінің мән-мағынасын түсіндіру;

Күнделікті өмірде ризашылық пен мейірімділікті көрсетуге баулу;

Үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу, жақын адамдарға алғыс білдіру дағдысын қалыптастыру.

Көрнекіліктер:

Мерекелік безендіру: шарлар, түрлі-түсті суреттер, «Алғыс айту күні құтты болсын!» деген жазу;

Жүрекшелер (қағаздан жасалған), алғыс сөздер жазылған плакат немесе «Алғыс бұрышы»;

Музыкалық сүйемелдеу үшін аудио-жазба немесе аспап (болса);

Суреттер: отбасы мүшелері, достар, тәрбиеші, дәрігер, т.б.

Тәрбие сағатының барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды шеңберге тұрғызу (немесе отырғызу)

Тәрбиеші балаларды жылы шыраймен қарсы алады.

«Шаттық шеңбері» ұйымдастырады: барлығы қол ұстасып, бір-біріне күлімдеп қарап, жылы тілектер айтады. Мысалы:

«Сәлеметсіз бе, досым!

Сен бүгін әдемісің!

Денің сау болсын!

Сені көргеніме қуаныштымын!»

Кіріспе әңгіме

Тәрбиеші: «Бүгін бізде ерекше күн – Алғыс айту күні. Алғыс айту деген не екен?» деп сұрақ қояды.

Балалардың жауабы тыңдалады. (Мысалы, «Рақмет айту», «Жақсылық жасаған адамға рақмет деу», т.б.)

Тәрбиеші алғыс айту – жүректен шыққан ризашылық, жақсылыққа жақсылықпен жауап беру екендігін түсіндіреді.

II. Негізгі бөлім

«Алғыс» сөзінің мәні

Тәрбиеші «Алғыс» сөзінің мағынасын түсіндіреді. Мысалы:

«Алғыс айту – біреудің сен үшін істеген игі ісіне ризашылығыңды білдіру.

Алғыс тек сөзбен ғана емес, іс-әрекетпен де көрсетіледі.»

Балаларға сұрақ: «Кімдерге алғыс айтуға болады?» (ата-анаға, ата-әжеге, тәрбиешіге, дәрігерге, досыңа, табиғатқа, Отанға).

Көрнекілік арқылы түсіндіру

Тәрбиеші балаларға отбасы мүшелерінің суреттерін немесе шағын бейнебаян көрсетеді.

«Анаңа, әкеңе қалай алғыс білдіресің?» – деп мысал сұрайды. Балалардың жауаптары.

Өлең оқу немесе тақпақ айту

Балаларға қысқа, жеңіл өлең немесе тақпақ жаттатып, бірі дауыстап оқиды. Мысалы:

«Рахмет! Рахмет!»

Рахмет саған, Анашым,

Мейірлі де қамқорың.

Рахмет саған, Әкетай,

Қолдап жүрген жанашыр.

«Рахмет!» деп мен айтамын,

Күлімдейді жан-жағым.

Музыкалық үзіліс

Балаларды сергіту, көңіл-күйлерін көтеру үшін музыкалық қойылым (би немесе ән).

Мысалы: «Қазақша шағын әндерден» үзінділер қосып, балалар бірге шапалақтап, секіреді, қарапайым қимылдар жасайды.

Ойын: «Кімге алғыс айтқың келеді?»

Ортаға бір қорапша немесе себет қойылады. Ішінде түрлі-түсті қағаздан жасалған жүрекшелер болады.

Әр бала бір жүрекшеден алып, оның артына «Рахмет!» деп жазылғанын көреді не өзі «Рахмет» сөзін жазуға/салуға көмектеседі (үлкендердің көмегімен).

Содан соң әр бала бір адамды тандап (мысалы, достарының біріне немесе тәрбиешіге), не үшін алғыс айтатынын айтады.

Барлығы кезекпен «Мен (досыма/апайыма/анам мен әкеме) рахмет айтамын, себебі...» деп өз ризашылығын білдіреді.

Шығармашылық жұмыс: «Алғыс картасы» *(опциялық)

Үлкен форматты қағаз (ватман) немесе тақтаға «АЛҒЫС БҰРЫШЫ» деп жазылады.

Балалар түрлі-түсті стикерлерге немесе қолөнер қағаздарына өздерінің алғыс сөздерін тәрбиешінің көмегімен жазып, қабырғаға жапсырады.

Мысалы, бала сурет салып, астына «Рахмет!» деп жазуы мүмкін.

III. Қорытынды бөлім

Қорытынды әңгіме

Тәрбиеші: «Балалар, бүгін біз алғыс сөзінің маңызын түсіндік. Алғыс айтудың өзі үлкен қуаныш пен жылылық сыйлайды. Келешекте әрдайым жақсылық істеген адамға рахмет айтып жүруді ұмытпаймыз ба?» деп балалардан жауап алады.

Қорытынды тілек

Тәрбиеші: «Ендеше, әрдайым достарымызға, ата-анамызға, апайларға алғыс айтып, мейірімді болайық! Әрқашан бір-бірімізді сыйлап, қамқор болайық!»

Балалар «Рахмет!» сөзін дауыстап айтады.

Шаттық шеңбері арқылы аяқтау

Барлығы қайтадан шеңберге жиналып, бір-біріне күлімдеп қарап, «Алғыс айту» күніне байланысты жылы лебіз тілейді.

Мысалы: «Барлығына рахмет! Дос болайық! Деніміз сау болсын!» деген сөздермен тәрбие сағаты аяқталады.



Бекітемін

«Nursultan 77» ұлдар аялмасының

менгерушісі Н.Е. Табышева



ЕРТЕҢГІЛІК

«Ана- біздің гүліміз!»

Тәрбиеші: Ергалиева А.С

2025-2026оқу жылы

Балалар музыкамен залға кіреді «Жүректер» біті.

Тәрбиеші: Қош келдіңіздер аяулы аналар, асыл әжелер, қызғалдақ қыздар! Көңілдеріңізге көктем шауағындай, сезім мен нұр құйып, 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Осын-ау көктем мерекесінің қай кезде де орны бөлек. Өйткені аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Себебі, ана өмірдің гүлі көңілдің жыры әр отбасының алтын дінзегі. Ендеше көктемнің алғашқы күндеріне арналған ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Ән: « Аяулы анашым»

Тәрбиеші:

Ару ана өмірдің асылдары,

Жайнаған көңілімнің жасыл бағы.

Сіздер үшін ән мен би өлең мен күй,

Сіздер үшін мереке шаңшулары.- дей келе қыздарымыздың әдемі бнін қарсы алыңыздар.

Би: «Гүлдер біті».

Тәрбиеші: - Балалар, қазір қандай жыл мезгілі?

- Дұрыс, айтасындар. Бүгінгі мерекемізге бізге қонақ келе жатқан сынайлы. Кім болды екен?

(Ортаға музыкамен көктем кіреді).

- Балалар, бұл кім екен? (Көктем)

Көктем: -Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Мен көңілді көктеммін,

Былырда келіп кеткенмін

Құшағым гүлге толсын деп

Нәсерімді төгемін. Мен жер жерді аралап, жерді оятып, табиғатты жаңартып келе жаттым. Алыстан сендердің кереме тақпақтарыңды естіп келдім. Барлықтарың қандай әдемісіңдер! Бүгін аналарыңның мерекесіне жақсылап дайындалғандайсындар ғой. Маған да арнап ән айтып бересіңдер ме?

- Иә!
- **Тәрбиеші: -** Ару көктем, қош келдің, төрге шық! Сенің көктемгі жаңбырыңның арқасында айналамыз әсемдікке кенелді. Кең байтақ даламыз гүлге бөленді. Сондықтан ару көктем біз саған ризамыз. Біздің балалардың орындауында әнді қабыл ет.

Ән: Әжестайым.

Олай, болса асыл аналар, ақжаулықты әжелер мерекелеріңіз құтты болсын.

Ойын: Шармен ойнау.

Тәрбиеші: Ортаға тақпақ айтуға балаларды шақырамыз.

Тәрбиеші: Бүгінгі мерекеле аналарымыздың құрметіне би билеп берейік.

Би: «Жаяу»

Тәрбиеші: - Әйел-Ана, Әйел-Өмір, Әйел-тіршілік өзегі. Өмір бесігінде іңгә тербетіп, адамзат баласына ұрпақ сыйлар ұлы күдірет иесінің есімі әрқашанда қастерлі, сөзі-әсіет, тұғыры биік. Ана бір қолымен бесік тербетсе бір қолымен әлемді тербетеді. Ананың көз нұры тастай мұзды да жібітеді екен. Адамға ең қымбатты, ең қадірлігі ең сүйікті жан – ана. Ендігі кезекті біз аналарға арналған ойынға береміз.

Ортаға аналар шықсын.

Ойын: «Сұлу аналар»

Тәрбиеші: Біз ғана емес қадыр тұтқан бабалар

Аналардан туган небір даналар

Ана деген тіршіліктің тірегі

Мерекенмен жасетті аналар! Асыл аналар қыздарымыздың сіздерге арнаған биін қабыл алыңыздар!

Тәрбиешімен қыз балалар билейді.

Тәрбиеші: Балаларымыздың аналарына арналған жаңы лебіздерін қарсы алайық. Балалар жүрекшемен шығып, қолдарындағы сөздерін оқиды.

Көктем: -Балалар, өнерлерің керемет екен, мен көңілім құлазып, бір шаттанып қалдым. Көп рахмет сендерге. Менің де жолға аттанар уақытым келді. Басқа жерлерге де барып өз жаңы шырайымды шашайын. Сендердің өнерлерің мен аналарыңа деген ілпипаттарын үшін рахмет! Сендерге арнаған сыйлығым бар. Ол сыйлықты апайларыңа табыстайын. Сау болыңдар!

(Көктем кетеді)

Тәрбиеші: Аяулы да ардақты аналар! Бүгінгі айтылған әдемі әндер мен әсем билер және жақсы тілектер тек сіздерге арналды. Қош сау болыңыздар!



менгериші Д.Т. Табылсыз



«Армысың, Әз Наурыз!»

Тәрбиеші: Ергалиева А.С

2025-2026оқу жылы

«Армысың,әз Наурыз!»

Мақсаты:Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру; Балаларды елін ,Отанын сүйуге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу; Иmandылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.
Сценарий көрнекілігі: нақыл сөздер.

Сценарий барысы: Мейрам өтетін жер салт –дәстүрге байланысты жабдықталады.Балалар ұлттық киімдерімен келеді.

Ұлағатты сөздер: «Наурыз құтты болсын!» «Жыл басы - наурыз!» «Наурыз құт әкелсін!» «Құт береке мейрамы Наурыз жасасын!»

Залда әсем әуен ойнап тұрады.Балалар ән орындайды.

Ән: «Наурыз көктем.»

Тәрбиеші: Армысыздар құрметті ата-аналар,балалар,қонақтар! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді.

Ұлы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Ұлы мереке сіздерге бақыт, қуаныш, сыйласын дей келе Армысың Әз Наурыз атты ертенгілігімізді бастаймыз.

Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.
Халқы сүйген мейрамды
Қарсы алайық Алдарды! (Алдар көсе музыкамен ортаға келеді)

Әндетіп Алдар келеді (Мен Алдармын, Алдармын)
Айтысып жатқан балалардың даусын естіп келдім. Бұл жерде мереке болып жатыр ма?

Тәрбиеші: Иә, Алдар көңіл - күйің жақсы екен, амансың ба?

Алдар: Амансыздар ма! Наурыз мейрамы құтты болсын.

Тәрбиеші: Ендеше ұлыстың ұлы күнін бізбен бірге қарсы алыңыз, наурыз мейрамың құтты болсын!

Алдар: Рахмет! Мен сендерге құр қол келген жоқпын. Ұлттық ойындардың бірі қанталапай ойынын, ойнауға бір дорба асықтар ала келдім.

Ойын: (Қанталапай ойыны)

Тәрбиеші: Рахмет саған Алдар. Ойының балаларға өте ұнады, кел дастархан басына төрлет.

Алдар: Рахмет (дастархан басына отырады)

Тәрбиеші: Наурыз тойын бастаймыз

Бимен оны қостаймыз

БИ: «Қазақ биі»(қыздардың орындауында)

Тәрбиеші:Балалар,қандай мерекені тойлап жатырсыздар?Олай болса,Наурыз мейрамы құтты болсың! Ақ мол болсың!Наурыз мерекесінде қандай тағам жасаймыз? Наурыз көжеге неше түрлі тағам қосамыз? Олай болса Наурыз көжені төрде отырған ақ жаулықты әжесіміз нақтырақ таныстырып өтсін. Әже біздің балаларымыз өнерлі, сегіз қырлы, бір сырлы.Олай болса жгіттеріміздің қазақша биін қарсы алайық.

Би: Домбыра биі.

Ойын: «Арқан тарту» Қатысушылар тең екі топқа бөлінеді. Әр топ балалары өз тобына қарай тартады. Ортадағы қызыл орамалдан өткен топ жеңіске жетеді.

Тәрбиеші: Ал ендеше балалар наурыз туралы қандай тақпақ білеміз?

Жылдың басы Наурыз,


Жердің басы Наурыз.

Мерекеге арналсын,

Бүгінгі жыр әніміз.Жарайсыздар!!!

Тәрбиеші: Ойын: «Қыз қуу» Ортаға бір ұл мен бір қыз шығады. Ұл қызды қуады. Егер бала қызды ұстаса, бетінен сүйеді.Ал егер жігіт қызды ұстай алмаса онда қыз жігітті қуады.

Тәрбиеші: Наурыз құтты болсын! Дендеріміз сау, мықты болсын! Наурыз тойы келе берсін! Барлық халық бақытты болсын, Қош ,сау болыңыздар, халайық! Көріскенші күн жарық болсын! Барлықтарыңызды Наурыз дастарханына шақырамыз. Көзден дәм татыңыздар.



Бекітемін _____
«Nursultan Nursultanov» аясынын
менгерушісі Л.Т. Табышева



ЕРТЕҢГІЛІК

«Мен ғарышкер боламын»

Тәрбиеші: Ергалиева А.С

2025-2026оқу жылы

Тақырыбы: «Мен ғарышкер боламын».

Мақсаты: Балалар ғарыш әлемі жайлы түсінік алады. Еліміздің ғарышкерлері Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетовтарды суреттен тани алады. Буклет бойынша әңгімелей отырып, байланыстырып сөйлеуге дағдыланады. Ойлау, есте сақтау қабілеттері, шығармашылық қиялдары дамиды.

Барысы.

Тәрбиеші іс - әрекет мақсатымен таныстырып өтеді.

Топта арнайы тақырыпқа сай балалар көрмесі ұйымдастырылады.

Әдеби монтаж орындау арқылы балалардың ғарыш әлеміне деген түсініктері толығады, ғарышкер мамандығына деген қызығушылықтары артады.

«Алақай» тобының тәрбиеленушілері «Земля в иллюминаторе» әуенімен, саппен кіріп, сахна төрінен орын алады.

Айша:

Аспанға қарап ай көрдім,

Төмен қарап жер көрдім.

Оңға, солға бұрылып,

Егеменді ел көрдім!

Хор «Мен ғарышкер боламын»

Файіз:

Жерді қоршаған бүкіл дүние – Әлем немесе Ғарыш деп аталады.

Қазақтан ғарышқа бірінші болып ұшқан - Токтар Әубәкіров.

Ғарыш кемесі ұшырылатын ғарыш айлағы Қазақстан жерінде Байқоңырда орналасқан

Алима:

Ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен. Оны ғарыш кемесі деп те атаймыз. (зымыран суреті мен макетін көрсетеді). Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. Біз бүгін ғарышкер ағалармен, аспан әлемімен танысамыз

Абубакир:

Байқоңыр - ғарыш айлағы. Ол Қазақстанның Қызылорда облысында Қармақшы ауданы деген жерде орналасқан. Ғарышқа ұшар алдында ғарышкерлер әртүрлі дайындықтан өтіп, арнайы білім алады.

Ферая:

Ғарышта адам демалатын ауа жоқ, көлеңке жағы қатты суық, күн түсіп

тұрған жағы өте ыстық болады екен. Ғарышкерлер үстеріне арнайы киім киеді. Ол скафандр деп аталады. Ғарыш кеңістігінде ауа жоқ болғандықтан тек осы арнайы киіммен жүре алады екен.

Имран- газдан тұратын аспан денесі. Ол өз қуаты нәтижесінде өзі жарық шығарады. Бірнеше мың градус температураға дейін қызып тұрған аспанның жарық денесі. Жерге ең жақын жұлдыз – Күн.

Алихан:

Күн - Балқыған ыстық газды жарқырап тұрған өте үлкен шар.

Күннің жылуы мен жарығы адам, өсімдіктер, жануарлар үшін өте қажет.

Күннің төңірегінде Жерді қоса есептегенде 9 ірі аспан денелері айналып жүреді. Олар ғаламшар (планета) деп аталады.

Исламбек:

Жерде менің тұрағым,

Көкке ұшып тұрамын.

\ғарышкер\

Абзал:

Ғаламшарлар - адасушы жұлдыз деген сөз. Ғаламшар – өздігінен жарық шығармайтын салқын денелер. Ғаламшарлардың жұлдыздан айырмашылығы өздігінен жарық шығару мүмкіншілігі жоқ, күн сәулесінің шағылысуынан жарқырап тұрады.

Асылым:

Таңда туып түлеген,

Тас түлектей көреген,

Шың басында түнеген

Ұшқыш болғым келеді!

Фатима:

Айға қарай самғаған,

Ізденуден талмаған

Ай, жұлдызбен тілдескен

Ұшқыш болғым келеді!

Аяулым:

Біздің өмір сүретін ортамыз - Жер планетасы. Ғарыш әлемін көру үшін зымыранмен ұшу қажет. Зымыранмен ұшып барған ғарышкерлер ғарыш әлеміндегі өзгерістерді суретке түсіріп зерттейді. Оны жерге хабарлап отырады.

Білесіндер ме ғарышкер болу үшін ең алдымен шынығу керек дейді, енді

бәріміз орнымыздан тұрып жаттығу жасап алайық.

Әуен арқылы жаттығу жасайды.

Ал, екіншіден өте білімді болу керек екен, мен сендердің білімдеріңді тексеремін, ол үшін мынадай ойын ойнаймыз.

Ойын: «Зымыранды құрастыр»

Балалар жеке бөліктерден зымыранды құрастырып шығады.

Балалар жұмысы мадақталады.

«Біз бүгін не үйрендік» Кері байланыс. Сұрақ - жауап арқылы қажетті сөздерді пайдаланып қысқаша сөйлемдер құрастырады, диалогқа түседі.



Бекітемін

«Nursultat

менгерушісі



ЕРТЕҢГІЛІК

«Бейбітшілік- ел тілегі»

Тәрбиеші: Ергалиева А.С

2025-2026оқу жылы

Тақырыбы: «Бейбітшілік – ел тілегі»

Іс – шараның мақсаты: 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін балаларға жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.

Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі – өнегесін оқушылардың бойына сіңіру.

Көрнекіліктері: «Қазақстан халықтарының бірлігі» сөз, жалаулар, шарлар, ұлттық киім киген балалар.

Іс – шараның өту жоспары:

1. Сахнаны безендіру
2. Тогатарды әр ұлт өкілдері етіп бөлу
3. Әр ұлттың музыкасы, ұлттық киімі, тағамы
4. Концерттік номерлер
 1. Қазақ ұлты – «Балапан» тобы
 2. Испан ұлты – «Ертегі» тобы
 3. Түрік ұлты – «Қоныш» тобы
 4. Орыс ұлты – «Күншуақ» тобы
 5. Өзбек ұлты – «Құлыншақ» тобы

Іс – шараның өту барысы:

1 Тәрбиеші:

Армысыздар құрметті қонақтар, балалар! Сіздерді 1 – мамыр – Қазақстан халықтарының бірлік, ынтымақ күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бір шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлт – аралық татулық әрдайым берік болып, қашанда ынтымақ, бірлік мәңгі жасай берсін! «Бірлік бар жерде тірлік бар» дейді халқымыз. Бұл сөз тек айтылмаса керек. Ауызбірлік пен түсіністік қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді

2 Тәрбиеші:

Құттықтау сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Л. Т. Табышеваға беріледі

1 Тәрбиеші:

Ортақ мекен жер шары,
Төбемізде бір аспан
Барлық ұлттың баласы,
Достығымыз жарасқан.
Ортақ бізге бір Отан,
Еңбек ортақ, жыр ортақ.
Ортақ бізге барлығы,
Байлықтың ең үлкені — халықтар достығы.

2 Тәрбиеші:

Егемен ел бесігі жыл өткен сайын еңсесін биіктетіп келеді. Осы тәуелсіз мемлекетімізді уақыт талабына сай салықалы ақылмен, терең парасат – пайыммен басқарған Н. Назарбаев сынды ерен елбасын қалай мақтап, мадақтасақ та жарасады.

Көп ұлтты халықтың арасында «ши» шығармай бірлік пен ынтымақтың ұйтқысы болып, дер кезінде республикадағы ұлттардың Ассамблеясының жұмысын жандандырып, олардың тілін, әдет – гүрпын насихаттауға мүмкіндік жасалуын қадағалап келеді. Осылайша ел басқарудың ауыр міндетін қайыспай көтеруде.

Елбасына деген ізгі ниет, бауырлық қимас сезімге толы. Мемлекетімізде істеліп жатқан игілікті істеріміздің барлығы президент Н. Назарбаев есімімен байланысты. Елбасымыздың есімі Тәуелсіз Қазақстан атымен бірге өріліп, үндесіп тұр.

Ән: «Әрқашан күн сөнбесін»

1 Тәрбиеші:

Қазақстанда жүзден аса ұлттар мен ұлыстар тұрады. Олардың барлығы дерлік еліміздің ашық аспаны мен көкшіл туының астында бейбіт өмір кешіп жатыр. Түріне нәсіліне қарамастан теңдей білім алып, Қазақстан Республикасының Ата заңы негізінде өздерінің Отанына айналған қазақ еліне барынша қызмет етіп, беделін үстем етіп келеді. Кеңпейілді қазақ халқының дархан даласы жайлаған барша ұлт өкілдері қазақ жерін «Отаным» дейді. Мұндай мақтаныш сезімімен айтылған жолында сөз жанымызды жадыратады.

2 Тәрбиеші:

Жеткен арман – жаса тәуелсіздігім!

Өз қолыма берген ерік тізгінін.

Не болған әлем ілтипатына,

Дербес бейбіт мемлекетпіз біз бүгін.

Қазақ ұлтының жылы лебіздерін қабыл алыңыздар.

Би: «Қазақ биі»

1 Тәрбиеші:

Тілі басқа тірегі бір біргеміз,

Өздерімен жүздесеміз күнде біз.

Мақсат ортақ бейбітшілік ұран боп,

Татулықтан бұзылмасын іргеміз.

Ән: «Татулықта күшіміз»

2 Тәрбиеші:

Біздің Республикамызда 100 ден аса ұлт өкілдері тұрады. Қазақстандағы барлық ұлт өкілдері бір-бірімен дос, тату-тәтті өмір сүреді.

Би: «Достық биі»

1 Тәрбиеші: Қазақстанымыздың қуаттылығы мен басымызға қонған бақытымыз бірлігіміздің татулығы арта берсін, бейбітшілік мәңгі ажырамас серігіміз болсын.

2 Тәрбиеші: Бұл мереке бізбен бірге ғасырларға ұлассын. Бейбіт аспан астында достығымыз нығайып, еліміз өркендей берсін деген тілекпен бүгінгі ертеңілігімізді аяқтаймыз. Қош сау болыңыздар!



Бекітемін
«Nursultan 77» бағдарламасының
менгерушісі Л.Т. Табылueva



ЕРТЕҢГІЛІК

«7- мамыр Отан Қорғаушылар күні! »

Тәрбиеші: Ергалиева А.С.

2025-2026оқу жылы

Мақсаты:

Балаларды Отанға деген сүйіспеншілікке, Ресейдің ерлік өткеніне деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу.

Тапсырмалар:

Әкелерге, аталарға деген құрметке тәрбиелеу;

Балалардың Ресей армиясы туралы білімдерін жалпылау және нақтылау;

Балалардың танымдық қабілеттерін белсендіру;

Балалардың бойында ерік-жігер қасиеттерін дамыту;

Балалардағы негізгі қимыл-қозғалыс түрлерінің дағдылары мен дағдыларын бекіту;

Балаларды өлең, ән, би композицияларын орындауға баулу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Балалардың бірлесіп әрекет ету қабілетін нығайту, жолдастарының жетістігіне қуану.

Мариштың астында балалар залға кіріп, "Мен Ресейге қызмет етемін" музыкасына сап түзіп, жартылай шеңберге тұрады.

Жүргізуші

Сәлеметсіздер ме, қымбатты балалар, құрметті қонақтар!

Бүгін біздің балабақшада мереке – Отан қорғаушылар күні!

Олар оны 23 ақпанда атап өтеді. Бұл күні Ресей армиясының туған күні. Бұл біздің

қорғаушыларымыздың – сарбаздар мен командирлердің мерекесі.

Мұндай мамандық бар – Отанды қорғау. Бұл күн ресейліктер үшін Отан қорғаушылар мен отбасылық ошақтың мерекесі болды. Біз барлық мықты, асыл және батыл мужичин құттықтаймыз!

Жүргізуші

Біздің балалар осы тамаша мерекеге арнап өлеңдер дайындады.

1 бала

Өз елінің шекарасында

Отанның ұлдары бар.

Және олар қараңғылыққа қырағылықпен қарайды,

Бүгінде қызметте жүргендер.

2 бала

Жастар таңды қарсы алады

Қанаттар мен зымырандардың көлеңкесінде,

Және биіктікті қорғаңыз

Бүгінде қызметте жүргендер.

3 бала

Ер балалардың жүрегінде

Аталар мен әкелердің ерлігі.

Және олар өз Отандарын дәріптейді

Бүгінде қызметте жүргендер.

4 бала

Бұзылмайтын, олар

Сыналған сауытқа қарағанда мықты.

Ақыр соңында, олар әлемді гүлденуімен қорғайды

Бүгінде қызметте жүргендер.

"Біз сарбаздармыз" әні

(содан кейін отырыңыз)

Жүргізуші: Балалар, сендердің әкелерін, аталарың, бауырларың бүгін бізге мерекеге келді. Сіз оларға оларды қаншалықты жақсы көретіндігіңізді айтқыңыз келетінін білемін.

Өтінемін.

5 қыз

Мен сені ақырын мойныңнан құшақтаймын,

Қызыңмен мақтану бақыт!

Мен өзім білетіннен де көп нәрсені істеймін,

Егер сен менімен мақтансаң ғой!

Жүргізуші

Барлық ұлдар әкелері сияқты болғысы келеді. Балалар, сендер әкелердің қандай мамандықтары бар екенін білесіңдер ме?

1 бала

Менің әкем - әлемдегі ең жақсы жүргізуші!

2 бала

Ал менің әкем – әлемдегі ең үздік мұғалім!

3 бала

Ал менің әкем – әлемдегі ең жақсы құрылысшы!

4 бала

Ал менің әкем – әлемдегі ең жақсы диджей!

Ол ойнатқышты тыңдайды, құлаққап киеді

Және "Ойнату" батырмасын басады!

5 бала:

Ал менің әкем – әлемдегі ең мықты мықты адам!

6 бала:

Ал менің әкем допты әлемдегі ең жақсы жүргізуші!

7 бала:

Ал менің әкем дәрігер! Ол балалар мен ересектерді емдейді.

8 бала:

Ал әкем мені қатты жақсы көреді

Және ол мені осылай құшақтайды! *(өзін қолымен орайды)*

Қыз:

Сен жалғыз не үндемейсің, ештеңе айтпайсың ба?

9 бала:

Менің әкем – ең жақсы! Ол бәрін жасай алады!

Қыз:

Ал ол не істей алады?

9 бала:

Мүмкін ол футбол ойнайтын шығар,

Кітапты оқи алады.

Маған сорпаны жылытуға бола ма,

Мультфильмді бірге көріңіз.

Ол дойбы ойнай алады,

Тіпті шыныаяқтарды жууға болады!

Автокөліктерді тарта алады,

Суреттерді жинай алады,

Мені серуендете алады

Жылдам аттың орнына!

Ол балық аулай алады ма,

Ас үйдегі кранды жөндеңіз.

Мен үшін әрқашан батыр!

Менің ең жақсы ӘКЕМ!

Әке туралы ән

Жүргізуші

23 ақпан - ерлер мерекесі

Ал қыздар ұлдарға құттықтаулар дайындады.

1 қыз

Біз 23 ақпанбыз

Бүгін біз тойлаймыз

Біздің топтағы ұлдар

Барлығымызды құттықтаймыз!

2 қыз

Біз сізге гүл сыйламаймыз-

Олар ер адамдарға берілмейді

Қыздарға жылы сөздер көп

Олар сені жүректерінде қалдырады.

3 қыз

Батыр денсаулығы

Біз сізге тілегіміз келеді,

Әлемдегі ең жақсы жүгіру

Футболда да барлығын жеңу керек.

4 қыз

Жалпы, сүйкімді балалар,
Біз сізге бір құпияны ашамыз:
Сізден гөрі әлемде жақсы
Әрине, ешкім жоқ!
Жүргізуші

Ал енді балалар шығады
Бізге өз шеберлігіңді көрсет!

1 бала

Біз бүгін жұмыстан босатылдык
Және біз билегіміз келеді,
бүгін бізге рұқсат етіңіз
Көңілді би билеңіз
Би ""

Дене шынықтыру нұсқаушысы.мәдениет

– Қазір балалар, сендер әлі кішкентай кездерінде, әсіресе ұлдар, әкелеріне ұқсауды армандайсыңдар, өйткені өмірдегі қорғаушының рөлі ер адамға тиесілі. Біраз уақыттан кейін біздің балалар өсіп, Отанымызды күзететіндердің орнын басады. Сонымен, "Жас жауынгер мектебіне" қош келдіңіз! Біз жылыңудан бастаймыз.

Жылыту (балалар):

Біздің армия мықты ма? (Иә)
Ол әлемді қорғай ма? (Иә)
Ұлдар әскерге барады ма? (Иә)
Қыздар өздерімен бірге ала ма? (Жоқ)
Илья Муромец батыр ма? (Иә)
Ол бұлбұлды жеңді ме? (Иә)
Автоматтан атып тастадың ба? (Жоқ)
Буратиноның мұрны ұзын ба? (Иә)
Кемеде ол теңізші болған ба? (Жоқ)
Шекарада ұшқыш тұр ма? (Жоқ)
Ол құстан биік ұшады ма? (Иә)
Бүгін мерекені тойлап жатырмыз ба? (Иә)
Аналар мен қыздарды құттықтаймыз ба? (Жоқ)

Әкелерге арналған жаттығулар:

Ардагер ескі тәжірибелі жауынгер ме? (Иә)
Әскердегі аспаз көк пе? (Жоқ)
Майор атағы бойынша капитаннан үлкен бе? (Иә)
Әрбір тапанша револьвер ме? (Жоқ)
Ұшақтағы және кемедегі руль дөңгелегі руль деп аталады ма? (Иә)
Компас қашықтықты өлшеуге арналған құрылғы ма? (Жоқ)
Қызметте болу, сондықтан сіз күзетте тұрсыз ба? (Иә)
Кезектен тыс киім – бұл сарбаздың жоғарылауы ма? (Жоқ)
Госпиталь – әскерилерге арналған аурухана (Иә)
Әке – барлық әкелердің бас киімі ме? (Жоқ)

Дене шынықтыру нұсқаушысы.мәдениет

Сонымен, олар жаттығулар өткізді, енді біз жас жауынгерлерді дайындауға кірісеміз, оларға тәжірибелі командирлер – әкелер көмектеседі.

1 "Прапорщик және жас жауынгер" эстафетасы.

Командалардың алдында (2 команда) бірінен соң бірі 5 дана құрсау салынады. Сигнал бойынша командир (әкем) екі аяғымен құрсаудан құрсауға секіреді. Содан кейін, шеңберден шеңберге секіріп, бағдарға және артқа қарай ол командаға оралады. Эстафетаны таратады.

Жүргізуші

Ал сарбазға қызметте не көмектеседі?

Әрине, жақсы ән.

"Ержүрек жігіттер" әні

2 "Снарядтарды тасымалдау" эстафетасы.

Командалардың алдына 5 істікшелі құрау қойылады. 5 м қашықтықта командир (папа) екінші шеңбермен тұр. Сигнал бойынша қатысушы бір түйреуішті алып, оны екінші шеңберге ауыстырады. Қайтып оралып, эстафетаны тапсырады. Командир түйреуіштердің құлап кетпеуін ("жарылып кетпеуін") қадағалайды.

3 "Мергендер" эстафетасы.

Туннельден өтіп, допты алып, әкем туннельден 1,5 – 2 м қашықтықта ұстайтын себетке лақтыру керек. Бала жәрдемақының сыртынан қайтып оралады және эстафетаны тапсырады.

Дене шынықтыру нұсқаушысы.мәдениет

– Балалар, сендер кереметсіңдер! Сіз мұны тағы бір рет дәлелдеңіз:

"Әскери, әскери – бұл үлкен дайындық!

Әскери, әскери – әрі күш, әрі ептілік! "

– Әрине, әскерде сарбаздар тек соғысып, жаттығып қана қоймайды, сонымен қатар бұйрықтарды орындайды. Әкелеріңізді біздің үлкен үйірге шақырыңыз. Сізден бұйрықтарды қатаң сақтауды сұраймын.

Жалаушалары бар ойын

Көк – шапалақтау, жасыл – таптау, сары – үндемеу, қызыл – қатты айқайлау "Алақай!"

Дене шынықтыру нұсқаушысы.мәдениет

Барлығы бұл тапсырманы орындады. Ал енді жоспар бойынша жалғастырамыз! Жақсы күрескер өзінің білетіні мен білетіндігімен ғана емес, сонымен бірге жолдасына көмекке келуге әрдайым дайын екендігімен де танымал.

4 "Өзара көмек" эстафетасы

Иығында сөмкесі бар балалар әкелеріне пластуң тәрізді жорғалайды. Әкелер қаптарға қайта секіреді.

Дене шынықтыру нұсқаушысы.мәдениет

Сонымен, біз жас жауынгердің қысқаша курсынан өтуді жалғастырамыз. Менің тобымды тыңда! Парадка шақырылушылар отряды шығыңыз!

5 эстафета "Саптық дайындық" ("Катюша" әні)

Әкелер бір қатарда, балалар екінші қатарда, керісінше тұрады. Командалар орындалады: "оңға", "солға", "айнала", "орнында адыммен жүру"

Дене шынықтыру нұсқаушысы.мәдениет

– Біз бәріміз әкелердің керемет формада екеніне көз жеткіздік! Ең қиын сынақтың уақыты келді. Мен сіздерге, балалар, жауынгерлік міндет қоямын: құпия хабарламасы бар пакетті штабка жеткізу керек. Бірақ ол жаудың қолына түспеуі үшін. Ал жол мина алаңы, қараңғы орман, тұтқыр батпақ арқылы өтеді. Пакетті шұғыл түрде жеткізу керек!

6 эстафета "Штабка есеп беру"

– дәрі-дәрмек шарларының арасынан өту

– төрт аяқпен жорғалау (3 м)

– кеудеге жорғалау (3 м)

– пакетті жеткізу

Дене шынықтыру нұсқаушысы. мәдениет

Жас жауынгердің мектебіндегі сабақ аяқталды, біз сенімді түрде айта аламыз: біздің болашақ жауынгерлер қиын сынақты абыроймен жеңді. Қызметіңіз үшін рахмет!

Жүргізуші.

Құрметті әкелер, қыздар сіздерді құттықтағылары келеді

Қыз:

Әкелер!!!

Сіздерді шын жүректен құттықтаймыз

Армия күні құтты болсын.және флот!

Одан қуаныш болсын,

Біреу сені есіне алады және жақсы көреді.

Және күлімсірей берсін,

Әжімдер тегістелсін,

Көктем жаныңда ән салсын,

Бүгін сендердің мерекелерің, ЕРЛЕР!!!

Қыз:

Әкем екеуіміз соғыс ойындарын ойнаймыз:

Стратегия, тактика, ережесіз шайқас.

Әрине, мұның бәрі мені қызықтырады,
Бірақ өмірде бұған орын болмасын!
Мен бүгін әкемді құттықтағым келеді.
Ал мен соғыс туралы аздап үндемеймін.

Жүргізуші

Сондай-ақ, қыздар біздің әкелерімізге арнап тәттілер дайындады!

Әкелерге арналған частушки

Жүргізуші

Міне, көңілді сағат зымырап өте шықты
Біз сіздерді көргенімізге қуаныштымыз
Мен қоштасқым келмесе де,
Бірақ біз қоштасатын кез келді.
Барлығы хормен бірге: Құттықтаймыз.
Балалар әкелеріне сыйлықтар береді.



Бекітемін

«Nursultan 77» балалар жасасының

менгерушісі И.Т. Табышева



ЕРТЕҢГІЛІК

«Бала шақтан – болшаққа!»

Тәрбиеші: Ергалиева А.С

2025-2026оқу жылы

Тақырыбы: « Бала шақтан болашаққа»

Мақсаты:

Балалардың балабақшада болған кездегі қызықты күндерін еске салу арқылы, осы жылдар ішінде жиган тәрбиесін, үйренген білімін ашып көрсету. Мерекелік көңіл – күй сыйлау.

Әуенмен жүргізушілер жұлдыздың ішінен шығады.

Алима: Құрметті қонақтар армысыздар

Бәріңізде есен – аман бармысыздар?

Таусылмайтын ағытып ой арманың

Ал, достарым ақ жол тілеп, сөз бастаған

Исламбек:Армысыздар, ағайын жиналғандар,

Жақсылыққа төлемін әрбір таңдар.

Ізгі ниет, ақ жүрекпен қарсы алып,

Сіздерге арнап бастаймыз бұл жырлар

Әуенмен жүргізушілер жұлдыздың ішінен шығады.

Айша: Ақ тілекті ағытып бір тастайық,

Қоштасатын әнімізді біз бастайық!

Жүздерінен көркем шаттық арайлы,

Болсын солай әрбір күнің, әр айың

Абзал: Ақ тілекті ағытып бір тастайық,

Қоштасатын кешімізді біз бастайық!

Өлеп пенен өнегені үйреткен,

Бақшамызды есімізде сақтайық!

Бірге:Бүгінгі қоштасу кешімізді бастай отырып, білім мен тәрбие нәрін сусындатқан тәрбиешілерімізді ортаға шақырамыз!

Айша: Ортаға менің сүйікті тәрбиешім: Ергалиева Айжанар Сейілханқызын шақырамын.

Абзал: Ортаға менің мейірімді көмекшім: Демебаева Ботагөз Тұңғышбайқызын шақырамыз.

Тәрбиеші: Құрметті ата аналар, ұстаздар және бүлдіршіндер «Күншуақ» мектепалды тобының «Балалық шақтан болашаққа» атты ертеңгілігін ашық деп жариялаймыз!

Тәрбиеші: Сәлем гүлдей жайнаған балғындарым,

Бақшамыздан тәрбие алғандарым.

Енді міне ер жетіп бәрің бірге,

Достарыңмен мектепке барғандарың.

Балаларым, балапан балғындарым,

Кілең беске оқыңдар жарқындарым.

Аттаныңдар жұптарың жазылмасын,

Ешқандайда қиындық жолықпасын.

Толқимыз, толқып тұрсыз баршаңызда,

Мұндай күй болған сірә, қаншаңыз да.

Қол соғып, қошеметтеп шақырайық,

«Күншуақ» мектепалды түлектерін алдарыңызда....

Нұрсұлтан 77-балабақшасының Күншуақ мектепалды тобының 2026 жылғы түлектерін ортаға шақырамыз.

Кішіпейіл, мейрімді қызымыз Айша мен байсалды, қамқор ұлымыз Файзды қарсы алыңыздар!

Жібектей мінезі бар қызымыз Тоғжан мен еңбекқор, білгіш ұлымыз Исламбекті қарсы алыңыздар!

Ақжарқын, ақкөңіл ұлымыз Айтуған мен ақкөңіл, сезімтал қызымыз Аяулымды қарсы алыңыздар!

Нәзік, сұлу қызымыз Фатима мен болаттай қайратты ұлымыз Имранды қарсы алыңыздар!

Ата - анасының көз жанары, ақылды қызымыз Раушан мен ақылымен іс тындырған, пар жігіт Хамзаны қарсы алыңыздар!

Тобымыздағы ақкөңіл, адал ұлымыз Алихан мен ақжарқын, анасының еркесі Асылым қызымызды қарсы алыңыздар!

Салмақты, ақылды ұлымыз Әбілмансұр мен өнерлі, биші қызымыз Фераяны қарсы алыңыздар!

Өзі шапшаң, сегіз қырлы бір сырлы ұлымыз Абзал мен нәзік, зерек қызымыз Алиманы қарсы алыңыздар!

Семсер қылыш білегі, ақкөңіл ұлымыз Абубакир мен ерке, әдемі қызымыз Көзайымды қарсы алыңыздар! Сабырлы, ақылды ұлымыз Сұлтан мен әкесінің қамқоршысы салмақты ұлымыз Алдиярды ортаға шақырамыз!!! Қарсы алыңыздар!

Тәрбиеші: «Қоштасу вальсі»

Балалар орындарына отырады.

Айша: Мерекеде сызылтып ән салады,

Ән айтып би де билеп жан салады.

Бұл ұлы мерекеде ән салғанда,

Бүкіл ел шапалақтап қарсы алады дей келе ортаға балаларымызды «Балабақша – біздің үйіміз!» әнімен қарсы алыңыздар!

Ән: «Балабақша – біздің үйіміз!»

Тәрбиеші: Тосын сый: Қорап ішінен Әліппе шығады. Балалармен ойын ойнатады.

Тәрбиеші: Балаларға ән шашу. «Күншуақ» мектепалды тобым менің!

Абзал: Алдымдағы балалар

Мектепке кетіп барады.

Тақпақ айтып бір-бірден,

Қимай кетіп барады. Ортаға балаларымызды тақпақтарымен шақырамыз. Қарсы алыңыздар!

Аяулым: Оқимыз білім аламыз

Болашақ жолын саламыз

Бақшаменен қоштасып

Біріншіге барамыз!

Әбілмансұр: Алты жасқа толамыз,

Әдепті бала боламыз.

Қуантып ата-ананы,

Мектепке кетіп барамыз!

Ферая: Қуанамыз, сыйлаймыз

Қуаныштың мың гүлін.

Бақшамызбен қимай біз

Қоштасатын күн бүгін.

«Әліппені» дұрыстап

Түгел таным аламын.

Қыркүйекте гүл ұстап,

Мен мектепке барамын

Абубакир: Мектепке енді барамыз,

Үлгілі оқушы боламыз.

Жақсы оқып сабақты,

Кілең бестік аламыз

Фатима: Ойыншықты жинаймыз

Бөбектерге сыйлаймыз

Үлкен болып, өсекте,

Бақшамызды қимаймыз

Файіз: Қуанышымыз біздің мол

Мектепке біз тарттық жол

Ұмытпаймыз өзінді

Балабақшам қош сау бол!

Раушан: Мәпелеген анамыз,

Бақша болды панамыз.

Мектепке енді барамыз,

Оқып білім аламыз,

Мектепке ертең барамыз,

Оқимыз сауық құрамыз.

Қашық емес арамыз,

Бақшаға келіп тұрамыз!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар!

Алима: Өнер қуған жасынан,

Өнері судай тасыған.

Келесі біздің бишілер,

Көрінген көштің басынан дей келе балаларды биге шақырамыз!

Би: «Балабақша!»

Алима: Әніміз бар шаттықты,

Көңілге нұр шашатын

Қарсы алыңыздар достар,

Ән айтатын балаларды! Ортаға балалардың « Біз мектепке барамыз!» әнімен қарсы алыңыздар!

Тәрбиеші: Ата-аналармен ойын.

Айша:

Бүгінгі кеш — ерекше кеш!

Балалықпен қоштасып, мектепке қадам басар сәт.

Ендеше, сахна төріне өнерлі достарымызды шақырамыз!

Абзал:

Ән мен биді серік еткен,

Шаттық сыйлар бүлдіршіндерге қошемет көрсетейік!

Айша: Биге шақыру:

Би басталсын көңілді,

Шаттық толсын төріміз.

Қарсы алыңыздар достар,

Биші біздің бүлдіршінді! Ортаға қыздардың биін қарсы алыңыздар!

Би: « Павлин»

Абзал: Алғыс айту асыл сөз

Жүрекке жылу шашар кез

Бүлдіршіндер тақпағын,

Тыңдаңыздар бәріңіз! Ортаға балалардың алғыс тақпақтарын қарсы алыңыздар!

Асылым: Табышева Ляззат Таукенқызы!

Бақшамыздың тірегі.

Жылы жүзі, ақ пейілі-

Баршамызға үлгі еді!

Имран: Ақ халатты абзал жан,

Денсаулықты күзеткен.

Ауырып қалсақ жанымыз,

Жылы сөзбен емдеген.

Тоғжан: Тазалықтың сақшысы,

Қамқор жансыз әрдайым

Көмегіңіз мол бізге,

Рахмет сізге шын жүрек! (тәрбиеші көмекшісіне)

Алдияр: Ән мен күйге бөлеген,

Көңілімді тербеген.

Өнер сыйлап біздерге

Алғыс сізге мың есе!

Көзайым: Ергалиева Айжанар Сейілханқызы,

Мейірімің мол дария.

Әр балаға жылу беріп,

Жанымызға нұр құя.

Үйреткенің әр сабақты,

Жүрегіміз сақтайды.

Мың алғыс сізге айтамыз,

Еңбегіңіз ақталды!

Айтуған: Тазалықтың сақшысы,

Қамқор жансыз әрдайым

Көмегіңіз мол бізге,

Рахмет сізге шын жүрек! (тәрбиеші көмекшісіне)

Алихан: Нисі аңқыған асыңыз,

Тәтті, дәмді бәрі де.

Мың алғыс сізге айтамыз,

Еңбегіңіз мәңгіге!

Алима: Шаттық сыйлап бәрімізге,

Ән шарқайтын сәнімізге.
Қошеметпен қарсы алайық,
Балаларды төрімізге!

Ән: «Алғыс»

Исламбек: Би билейік бәріміз,
Көтерілсін сәніміз.

Флешмобпенен балалар,
Шаттандырсын жанымыз!

Көңілді би: «Флешмоб»

Тәрбиеші: Әр баланың арманы – жарқын болашаққа бастар жол. Бүгінгі арман - ертеңгі
мамандықтың бастауы.

«Бала арманы» биі

Марапаттау. Ортаға балалардың дипломдары мен ата-аналардың алғыс хаттарын табыстау үшін
балабақшамыздың меңгерушісі: Табышова Ляззат Таукенонаны ортаға шақырамыз!

Диплом винетка табыстау

